

**2011 жылға Алтынсарин ауданында интернат ұйымдарының кәмелетке толмаған түлектері үшін және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы**

Қостанай облысы Алтынсарин ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 23 мамырдағы № 148 қаулысы. Қостанай облысы Алтынсарин ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 17 маусымда № 9-5-125 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 5-5) және 5-6) тармақшаларына сәйкес Алтынсарин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алтынсарин ауданында 2011 жылға жұмыс орындарының квотасы белгіленсін:

1) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар үшін жұмыс орындарының жалпы санынан бір пайыз мөлшерінде;

2) интернат ұйымдарының кәмелетке толмаған түлектері үшін жұмыс орындарының жалпы санынан бір пайыз мөлшерінде.

2. "Алтынсарин ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі квотаға сәйкес, бар бос жұмыс орындарына интернат ұйымдарының кәмелетке толмаған түлектерін және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғаларының жолдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің бірінші орынбасарының міндетін атқарушы М.Ж. Әбішевке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б. Ахметов*